

Егіндікөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С31-2 "2019-2021 жылдарға арналған Егіндікөл ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Егіндікөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 6С41-2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 7585 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Егіндікөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Егіндікөл аудандық мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Егіндікөл ауылының бюджеті туралы" 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С31-2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7047 тіркелген, 2019 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Егіндікөл ауылының бюджеті тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 64 166,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 21 226,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 42 940,2 мың теңге;

2) шығындар – 70 410,2 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – - 6 244,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 6 244,0 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 6 244,0 мың теңге.";

4 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"4. Егіндікөл ауылының 2019 жылға арналған бюджетінде көше-жол жүйесін жөндеуге 17 857,2 мың теңге сомасында облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.";

көрсетілген шешімінің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл аудандық
мәслихат сессиясының
төрағасы

Р.Ахмедов

Егіндікөл аудандық
мәслихатының хатшысы

Б.Абилов

"КЕЛІСІЛДІ"

Егіндікөл ауылының әкімі

А.Башенов

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2019 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 6С41-2 шешіміне
қосымша

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2018 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 6С31-2 шешіміне
1 қосымша

Егіндікөл ауылының 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты		мың теңге сома
Сыныбы		
Кіші сыныбы		
	Атауы	
	I. Кірістер	64 166,2
1	Салықтық түсімдер	21 226,0
01	Табыс салығы	8 189,0
	2 Жеке табыс салығы	8 189,0
04	Меншікке салынатын салықтар	13 037,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	212,0
	3 Жер салығы	629,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	12 196,0
4	Трансферттер түсімі	42 940,2
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	42 940,2
	3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	42 940,2

Функционалдық топ			мың теңге сома
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		II. Шығындар	7 0 410,2
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 4 684,0
01	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 4 684,0
01	123	001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 4 684,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 317,0
06	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 317,0
06	123	003 Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 317,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 2 898,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 2 898,0
07	123	008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	7 958,0
07	123	011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 4 940,0
12		Көлік және коммуникация	2 0 071,2
12	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 0 071,2
12	123	013 Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 0 071,2
13		Басқалар	440,0
13	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	440,0
13	123	040 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	440,0
		III. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		IV. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 6 244,0
		V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	6 244,0
		Қарыздар түсімі	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0

8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	6 244,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	6 244,0
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 244,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК